



080012, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 35
тел.: 8 (7262) 43-88-63, факс: 8 (7262) 43-89-18
E-mail: tarazkultura@zhambyl.gov.kz
tarazkultura@mail.ru

080012, город Тараз, проспект Төле би, 35
тел.: 8 (7262) 43-88-63, факс: 8 (7262) 43-89-18
E-mail: tarazkultura@zhambyl.gov.kz
tarazkultura@mail.ru

17.01.2023 ж. № 42

**Астана, Алматы және Шымкент
қалалары мен облыстардың мәдениет,
архивтер және құжаттама
басқармалары**

«Кенен атаның арманы ел ырзығы, халықтың бірлігі, ұрпақтың баянды болашағы болды. Осы әруақ бізді қолдасын. Егемендігіміз, тәуелсіздігіміз мәңгілік болсын» – деп Мемлекет қайраткері Д.А.Қонаев айтқандай, аты ардаққа айналған халқымыздың ұлы перзенттерінің бірі Кенен Әзірбаевтың шығармашылығын халық арасында кеңінен насихаттау бүгінгі ұрпақтың міндеті.

Осы орай, Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен а.ж. 27-28 сәуір күндері Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының 55 жылдығы аясында өтетін қазақтың әйгілі халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ХІ республикалық дәстүрлі әншілер конкурсына үміткерлердің қатысуына ықпал жасауыңызды сұраймын.

Өтініш келесі мекен-жайда қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би даңғылы 89. Байланыс телефоны: 8/7262/342959. Эл.почта filarmoniya_kenen@mail.ru.

Қосымша: 4 парақта.

Басшы

Е. Жүнісбай

«КЕЛІСЕМІН»
Жамбыл облысы әкімдігінің
мәдениет, архивтер және
құжаттама басқармасының
басшысы


Е.Жүнісбай
« 16 » 01 2023 жыл



«БЕКІТЕМІН»
К.Әзірбаев атындағы Жамбыл
облыстық филармониясының
директоры


С.Ш.Түктібаев
« 15 » 01 2023 жыл



**Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым»
ХІ республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы ереже:

2023 жылғы 27-28 сәуір күндері Тараз қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен, Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының ұйымдастыруымен қазақтың әйгілі халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ХІ республикалық дәстүрлі әншілер конкурсы өтеді.

Аталған конкурс Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының 55 жылдығына орай өтеді.

Конкурстың мақсаты:

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын насихаттау, «Дала фольклорының мың жылы» арнайы жобасын жүзеге асыру, К.Әзірбаевтың шығармашылығын жаңғырту, дарынды жастардың орындаушылық шеберліктерін шыңдау, көпшілікке танылуына жан-жақты мүмкіндік жасау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Конкурстың талаптары мен шарттары:

1. Конкурсақа 18 бен 35 жас аралығындағы өнер саласындағы кәсіби орындаушылармен қатар жас талант иелері қатыса алады. Астана, Алматы, Шымкент, Тараз қалаларынан 2 үміткерден, өзге облыстардан 1 үміткерден өтініш беруге болады;

2. Аталмыш конкурсақа К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының «Бас жүлдегерлері» мен «І орын» иегерлері қатыстырылмайды.

І кезеңде үміткер тізімде көрсетілген К.Әзірбаевтың кез-келген екі әнін орындай алады:

1. «Ри қойым»;
2. «Шырқа даусым»;
3. «Тік шырқау»;
4. «Ел қуанышы»;
5. «Анама (айтылмаған ән)»;
6. «Сынаптай сырғақ дүние-ай»;
7. «Жайнады тыңым, жайнады»;
8. «Еңбекші елім»;
9. «Жаса Қазақстан»;
10. «Қайран ел қайда?»;
11. «Көкшолоқ»;
12. «Базар-Назар»;
13. «Өтеді-ау өмір»;
14. «Мен сүйемін халқымды»;
15. «Мөртай сұлу»;
16. «Оразжан»;
17. «Жас екпін»;

18. «Балаларға»;
19. «Жетпіс бес»;
20. «Күләшқа».

II кезеңде үміткер екі ән орындайды:

1) Өз қалауы бойынша халық әнін немесе халық композиторларының бір әнін орындайды.

2) Жеребе тарту бойынша төмендегі тізімде көрсетілген К.Әзірбаевтың әндерінің бірін орындайды.

1. «Бозторғай»;
2. «Көпшілік, тыңда әнімді»;
3. «Үрия-ай, дүние-ай»;
4. «Гигигай»;
5. «Алатау алабында»;
6. «Жаңа заң»;
7. «Бұлбұлға»;
8. «Қазақстан аймағы»;
9. «Бал құйылды даладан»;
10. «Біздің отан жеңеді».

Қажетті құжаттар:

- Жіберуші жақтың ұсыныс хаты (көшірмесі);
- Үміткердің жеке куәлігі (көшірмесі), байланыс телефоны;
- Үміткердің арнайы банктен анықтамасымен 20 сандық есепшоттық нөмірі;
- Шығармашылық өмірбаяны, ұстазы көрсетілуі керек (Word түрінде);
- JPEG форматтағы кәсіби сапалы көркем фотосуреті (электронды түрде);
- Конкурста орындалатын әндерінің тізімі;
- I кезеңде орындалатын 2 әннің MP4 үлгідегі бейнебаспасы (іріктеу үшін).

Бағалау өлшемдері:

- Орындаушылық шеберлігіне;
- Әннің әуенін бұзбай орындауына;
- Ән мәтінін дұрыс орындауына;
- Дауыс мәнері мен кеңдігіне (диапазонына);
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісіне көңіл бөлінеді.

Конкурстың қазылар алқасының құрамы:

Қазылар алқасының құрамына музыкалық білімі мен ұстаздық тәжірибесі бар мәдениет және өнер қайраткерлері кіреді. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Дауыстар тең бөлінген жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы белгіленген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

Конкурс жүлделері:

Бас жүлде және лауреат атағы - 1;
I орын және лауреат атағы - 1;
II орын және лауреат атағы - 2;
III орын және лауреат атағы - 3;
Арнайы жүлделер мен алғыс хаттар.

Конкурсты қаржыландыру:

1. Конкурсқа қатысушылардың жол шығыны жіберуші жақтан немесе өздері көтереді;
2. Ұйымдастыру комитеті үміткерлерді конкурсқа қатысу уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді (қонақ үйге орналасу уақыты - 26 сәуір 14.00, өткізу уақыты - 29 сәуір 12.00);

3. Әуе, темір жолы және өзге де көлік түрлерінің жүру кестесіне қарамастан, конкурстың белгіленген өту мерзімінен ерте келген қатысушылардың жүріп-тұру шығындарын ұйымдастыру комитеті көтермейді;

4. Үміткерлермен бірге келген жетекшілері барлық шығындарды өз тарапынан өтейді.

Қосымша ақпарат:

1. Өтінімдер 2023 жылдың 7 сәуіріне дейін қабылданады;

2. Қосымша ақпараттар: zhofil.kz филармония сайтына, [filarmoniya_kenen](https://www.facebook.com/filarmoniya_kenen) facebook және Instagram әлеуметтік желілеріне салынады;

3. Дайындықтың уақыты: 27 сәуір сағат 10.00-18.00 аралығы;

4. Конкурстың уақыты: 28 сәуір сағат 10.00-17.00 аралығы;

5. Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының 55 жылдығына орай өтетін «Мен сүйемін халқымды» атты гала концерт - 17.30-18.30 аралығы.

6. Марапаттау рәсімі: сағат 19.00.

7. **Үміткер назарына!** Кенен Әзірбаевтың әндерін, ноталары мен өлең мәтіндерін azirbayev.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

Байланыс ақпараты:

Өтінімдер filarmoniya_kenen@mail.ru электрондық поштаға немесе төмендегі мекен-жайға жолданады: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би көшесі 89-үй («Баласағұн» ОКЗ), Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы. Пошта индексі: 08000. Байланыс телефондары: Тел.: 8(72-62) 34-29-59.

Жауапты координатор: Жандос Омаров – 8-775-520-75-29.

**К.Әзірбаев атындағы Жамбыл
облыстық филармониясының
директоры
С.Түктібаевқа**

2023 жылғы 27-28 сәуір күндері Тараз қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен, Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының ұйымдастыруымен қазақтың әйгілі халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» ХІ республикалық дәстүрлі әншілер конкурсына

(ұсыныс жасаған мекеменің толық аталуы)

(үміткердің аты-жөні)

қатысатындығын хабарлаймын.

Конкурсқа ұсынылатын құжаттар қоса тіркеледі.

1	Жіберуші жақтың ұсыныс хаты (көшірмесі);	
	Үміткердің жеке куәлігі (көшірмесі), байланыс телефоны	
2	Үміткердің арнайы банктен анықтамасымен 20 сандық есепшоттық нөмірі	
3	Шығармашылық өмірбаяны, ұстазы көрсетілуі керек (Word түрінде);	
4	JPEG форматтағы кәсіби сапалы көркем фотосуреті (электронды түрде);	
5	Шығармашылық өмірбаяны, ұстазы міндетті түрде көрсетілуі керек (электронды түрде)	
6	Конкурста орындайтын репертуар тізімі: I кезең: 1. 2.	
7	I кезеңде орындалатын 2 әннің MP4 үлгідегі бейнебаспасы (іріктеу үшін)	

Директор

(қолы)

(аты-жөні)

**Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым»
XI республикалық дәстүрлі әншілер конкурсын
ұйымдастыру тобы**

№	Қалалар мен облыстар атауы	Жауаптылар	Қызметі	Байланысу телефоны
1	- Астана - Алматы қаласы	Оңал Азаматова	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-705-846-25-52
2	- Алматы облысы - Жетісу облысы	Әділет Әбдікерімов	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-705-624-76-99
3	- Қызылорда облысы - Ақтөбе облысы	Нұргүл Абдрашова	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-708-570-44-19 8-702-945-75-54
4	- Қарағанды облысы - Ақмола облысы	Ерлан Ибәділдаев	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-702-591-89-79
5	- Батыс Қазақстан облысы - Абай облысы	Бахыт Шағырбаев	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-701-412-88-13
6	- Маңғыстау облысы - Ұлытау облысы	Ержан Ыдырысов	«Тараз» триосының әншісі, «Ерен еңбегі» медалінің иегері	8-775-606-07-62
7	- Тараз - Жамбыл облысы	Айгүл Есекеева	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-778-490-60-70 8-707-490-60-64
8	- Павлодар облысы - Солтүстік Қазақстан облысы - Шығыс Қазақстан облысы	Оңал Азаматова	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-705-846-25-52
9	- Шымкент - Түркістан облысы	Асылхан Шүңіреков	«Тараз» триосының әншісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері	8-775-606-07-61
10	- Атырау облысы - Қостанай облысы	Маралбек Бабақұлов	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-775-900-02-76 8-747-717-53-45

- ✓ Республикалық конкурс 2023 жылғы 27-28 сәуірде Тараз қаласында өтеді.
- ✓ Жамбыл облысынан қатысатын дәстүрлі әншілерге онлайн іріктеу 2023 жылғы 7 сәуірде өтеді (I кезеңде орындалатын 2 әннің бейнетаспадағы нұсқасын үміткер сахналық киімде орындап, алдын ала ұйымдастыру алқасына жолдайды. Іріктеуден өткендерге республикалық конкурсқа қатысуға хабарлама жіберіледі).

